

«Айша» бобекжайы

Бекітемін:

«Айша» бөбекжай-менгерушісі:

Хайруллина С.



Тақырыбы:

«Тірі және өлі табиғат»



«Алақай» ересек топ тәрбиешісі: Жиренова У.С.

2024 жыл

Тобы: «Алақай» ересек тобы

Білім беру саласы: Қоршаған ортамен таныстыру

Мақсаты:

Балалардың тірі және өлі табиғат туралы түсініктерін кеңейту, олардың бір-бірінен айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлық сезімін қалыптастыру, бақылау, салыстыру, ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- Тірі және өлі табиғат ұғымдарын меңгерту;
- Тірі табиғаттың белгілерін (өседі, тыныс алады, қоректенеді, көбейеді) түсіндіру;
- Өлі табиғатқа жататын заттарды (күн, су, ауа, тас, топырақ) ажырата білуге үйрету;
- Табиғатты қорғауға, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- Тірі және өлі табиғат нысандарын ажыратады;
- Табиғаттағы заттарды дұрыс топтастырады;
- Табиғатқа қамқорлық жасау жолдарын айта алады;
- Сұрақтарға толық жауап беріп, өз ойын еркін жеткізеді.

Қажетті көрнекіліктер:

Тірі және өлі табиғаттың суреттері, жануарлар мен өсімдіктердің макеттері, күн, бұлт, су, тас бейнелері, үлестірмелі карточкалар, дидактикалық ойын материалдары.

Сабақ барысы қысқаша:

1. **Шаттық шеңбері** – балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.
2. **Кіріспе әңгіме** – табиғат туралы әңгімелесу.
3. **Негізгі бөлім** – тірі және өлі табиғаттың ерекшеліктерін түсіндіру, суреттермен жұмыс, сұрақ-жауап.
4. **Дидактикалық ойын:** «Тірі ме, өлі ме?», «Өз орнын тап».
5. **Сергіту сәті:** табиғат құбылыстары мен жануарлардың қимылдарын бейнелеу.
6. **Қорытынды:** балалар бүгін не үйренгендерін айтып, табиғатты қорғау туралы өз ойларымен бөліседі.

Анықтама

Өткен күні: 06.03.2024

Тобы: «Алақай» ересек тобы

Мақсаты : Балалардың тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту, олардың ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету, табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Іс-әрекет барысында балалар шаттық шеңберіне қатысып, табиғат туралы әңгімелесті. Көрнекіліктер мен суреттер арқылы тірі табиғатқа жататын өсімдіктерді, жануарларды, құстарды, жәндіктерді, ал өлі табиғатқа жататын күнді, суды, ауаны, тасты, топырақты ажыратты. Дидактикалық ойындар ойнап, тапсырмалар орындау арқылы алған білімдерін бекітті. Сергіту сәтінде табиғат құбылыстары мен жануарлардың қимылдарын бейнелеп, белсенділік танытты.

Балалар сұрақтарға еркін жауап беріп, табиғатты қорғау, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасау туралы өз ойларын ортаға салды. Ұйымдастырылған іс-әрекет балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, логикалық ойлауын, сөздік қорын және қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімін дамытуға ықпал етті.

Қорытындысында тәрбиеленушілер тірі және өлі табиғаттың айырмашылығын дұрыс ажыратып, табиғатқа жанашырлықпен қараудың маңызын түсінді.

Қатысушылар саны: 21

Топ тәрбиешілері 2